

Теміртау қаласының жолаушыларды тұрақты әлеуметтік маңызы бар автомобиль тасымалдарына тарифтерді белгілеу туралы

Қарағанды облысы Теміртау қаласының әкімдігінің 2025 жылғы 13 наурыздағы № 10/4 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 19-бабының 4-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37-баптарын басшылыққа ала отырып, Теміртау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Теміртау қаласының жолаушыларын тұрақты әлеуметтік маңызы бар автомобильмен тасымалдауға тарифтер төлем тәсіліне байланысты мөлшерде белгіленсін.

2. Теміртау қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 13 маусымдағы № 33/3 "Теміртау қаласының жолаушыларды тұрақты әлеуметтік маңызы бар автомобиль тасымалдарына тарифтерді белгілеу туралы" қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Теміртау қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Ғ. Әшімов

Теміртау қаласы әкімдігінің
2025 жылғы "13" наурыздағы
№ 10/4 қаулысына қосымша

Теміртау қаласының жолаушыларын әлеуметтік маңызы бар автомобильмен тұрақты тасымалдауға тарифтер төлем тәсіліне байланысты

№ п/п	Бағыт	Ұялы байланыс операторының, көлік картасының не мобильді қосымшаның қызметтері арқылы қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде жол жүру құны, теңге	Қолма-қол төлем кезінде жол жүру құны, теңге
1	Қалалық маршруттар	100,0 (жүз)	200,0 (екі жүз)
2	№ 2 "№ 1-Жалпы білім беретін мектеп" "№ 7-Жалпы білім беретін мектеп" "№ 3-Жалпы білім беретін мектеп" "№ 1-Жалпы білім беретін мектеп"	100,0 (жүз)	200,0 (екі жүз)

3	№ 1 "Ақтау кенті-Мырза станцисы"	100,0 (жүз)	200,0 (екі жүз)
4	№ 282 "Теміртау қаласы – Қызылқайын ауылы"	150,0 (жүз елу)	300,0 (үш жүз)
5	№ 283 "Теміртау қаласы – Ақтау кенті"	150,0(жүз елу)	300,0 (үш жүз)
6	№ 284 "Теміртау қаласы – Баймырза ауылы"	150,0 (жүз елу)	300,0 (үш жүз)
7	№ 285 "Теміртау қаласы – Центральное ауылы"	150,0 (жүз елу)	300,0 (үш жүз)
8	№ 286 "Теміртау қаласы – Мустафин кенті"	150,0 (жүз елу)	300,0 (үш жүз)
9	№ 287 "Теміртау қаласы – Карьерная станциясы"	150,0 (жүз елу)	300,0 (үш жүз)
10	№ 40 "Теміртау қаласы – Гагарин ауылы"	150,0 (жүз елу)	300,0 (үш жүз)
11	№ 30 "8 шағын аудан – Уралочка саяжайлары"	100,0 (жүз)	200,0 (екі жүз)
12	№ 31 "8 шағын аудан – СПП саяжайлары"	100,0 (жүз)	200,0 (екі жүз)
13	№ 32 "8 шағын аудан – пионерлік лагерьлер саяжайлары"	100,0 (жүз)	200,0 (екі жүз)
14	№ 33 "8 шағын аудан – Строитель саяжайлары"	100,0 (жүз)	200,0 (екі жүз)
15	№ 34 "8 шағын аудан – Черемушки саяжайлары"	100,0 (жүз)	200,0 (екі жүз)